

Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 наурыздағы № 882 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 19 наурызда № 8693-04 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің 19-бабының 20-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығымен бекітілген, Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласы аумағында инвотакси қызметін алушылардың санаты келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) көру қабілеті бұзылған екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 2) жүріп-тұруы қиын екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының әкімі

А. Бекет